

*А.Р. ӘЛІПБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
халықаралық қатынастар факультетінің доценті*

ҰЛТЖАНДЫ ҰСТАЗ

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен Қазақ елі де әлемдік ынтымақтастықтың дербес субъектісі ретінде әр елмен өзара ықпалдасуын қалыптастыруы үшін халықаралық қатынастар саласындағы білікті мамандарды дайындауды қолға алды. Кеңестер Одағының дәуірінде халықаралық қатынастар саласындағы мамандарды Мәскеуде ғана дайындап, сыртқы саясатты тек сол кездегі «орталық» қана айқындайтын еді. Ал егеменді елдің басты белгілерінің бірі ол сыртқы саясатын жүзеге асыру үшін халықаралық қатынастар саласындағы мамандарын дайындау болатын.

Осы мақсатта 1992 жылдың көктемінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің ішінен халықаралық қатынастар бөлімі ашылды. Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері сол кездегі тарих мамандығының 2-курсында оқытын бізді студенттердің арасынан өздері белгілеген талаптарға сай іріктеп алған еді. Оқу орнындағы жаңа мамандық бойынша дәрісті ұстаздар орыс тілінде оқи бастады.

Ол кезде дипломатия саласы бойынша ғалымдардың жетіспеуіне байланысты Сыртқы істер министрінің орынбасары Қ.К. Тоқаев бастаған бірқатар қызметкерлер келіп дәріс оқыды.

Әлі есімде, халықаралық қатынастар тарихы бойынша факультеттің доценті Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызы сабақ берді. Жаңа мамандықтың тарихи даму астарын бізге орыс тілінде өте тамаша дәйектей білуі ұстазымыздың халықаралық қатынастар тарихы саласындағы білімінің тереңдігін айғақтайтын. Бұл біздің алғашқы жүздесуіміз еді. Өйткені қазақ тобында тарих мамандығында оқыған бір жарым жылда ол кісімен жүзбе-жүз кездеспеген екенбіз.

Гүлжауһар Шағатайқызының алғашқы дәрісінің өзінде-ақ мемлекетаралық қатынастардағы дипломатиялық әдіс-тәсілдерді жан-жақты талдауы, дипломатия тарихын өте тамаша білетіндігі